

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының клиникалық мамандандыру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 24.01.2023

Күшіне енген күні: 24.01.2023

Қолжетімділік деңгейі: Тек жұмыскерлер мен студенттер үшін

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 2.8 SMED

Бекітуші орган: Басқарушы кеңес

Тіркеу нөмірі: 24.01.23

Иесі: Медицина мектебі

Қайта қарау күні: 08.01.2024

Қолданылуы: НУ және НУ талапкерлері

Күші жойылған құжаттар:

Атауы:

Күні:

Тіркеу нөмірі:

Бекітуші орган:



1-бөлім. Мақсаты және қолданылуы

1.1. Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің клиникалық мамандандыру бағдарламалары (бұдан әрі – Бағдарлама) бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері (бұдан әрі – Қағидалар мен рәсімдер) қабылдау процесі кезінде басқару және сақтау қағидалары мен рәсімдерін белгілейді.

1.2. Осы Қағидалар мен рәсімдер Назарбаев Университетінің Медицина мектебіне қолданылады.

2-бөлім. Анықтамалар

2.1. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылатын негізгі анықтамалар мен қысқартулар мыналар болып табылады:

1. **ETS** (Educational Testing Service) – тестілеу мен бағалауды ұйымдастыруды жүзеге асыратын және TOEFL-ді қоса алғанда, халықаралық емтихандарға әкімшілік ететін коммерциялық емес жеке білім беру ұйымы;

2. **IELTS** (International English Language Testing System, академиялық нұсқа) – Британдық кеңес, «IDP Education» және «Cambridge English Language Assessment» бірлесіп әкімшілендіретін ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;

3. **TOEFL** (Test of English as a Foreign Language) – Білім беруді тестілеу қызметі (АҚШ) әзірлеген ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;

4. **Дүниежүзілік медициналық мектептердің анықтамалығы** – медициналық білім беретін мекемелердің жалпыға қолжетімді дерекқоры;

5. **МД** – «Медицина докторы» бағдарламасы;

6. **Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау** – медициналық білім беру бағдарламасы түлектерінің денсаулық сақтау саласындағы кәсіби стандарт талаптарына сәйкестігін анықтау үшін Қазақстан Республикасының уәкілетті органы аккредиттеген бағалау ұйымы жүргізетін білім мен дағдыларды бағалау рәсімі;

7. **Қабылдау комиссиясы** – Бағдарламаға қабылдау бойынша іс-шараларды жүзеге асыру үшін құрылған Мектептің консультативтік-кеңесші органы;

8. **Бағдарлама** – Мектеп ұсынатын клиникалық мамандандыру бағдарламасы;

9. **Стратегиялық әріптес** – Университеттің уәкілетті органы бекіткен, тиісті ресурстарға (зияткерлік, ғылыми, әдістемелік, білім беру, технологиялық, техникалық, кадрлық) ие және өз қызметін ғылыми-зерттеу, заманауи әдістеме және білім беру технологиялары, білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен енгізу және т.б. салалардың бірінде немесе бірнешеуінде жүзеге асыратын ұйым немесе тиісті Келісімге сәйкес білім беру және/немесе зерттеу



қызметтерін ұсынуда Университетке, оның Мектептеріне және/немесе еншілес компанияларына қатысты негізгі немесе көмекші консультативтік рөлді орындау үшін әріптес мекеме ретіндегі Университеттің басқа құзыретті органы;

10. **Университет** – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы;

11. **Шартты түрде қабылдау/оқуға алу** – қабылдау кезеңінде Бағдарламаның Қабылдау комиссиясының ұсынымымен және оқуға алу кезеңінде Мектеп Деканының немесе ол тағайындаған тұлғаның шешімімен ресми белгіленген мерзімде немесе мерзімдерде Бағдарламаға үміткерлерді қабылдау/оқуға алу түрі;

12. **Мектеп** – ауруханалармен келісім бойынша Бағдарлама ұсынылатын Университеттің Медицина мектебі.

2.2. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылмайтын терминдер мен анықтамалар Университеттің ішкі құжаттарында айқындалады.

2.3. Мектеп Бағдарламаға қатысуға өтініш берген барлық үміткерлерді қабылдау кезінде осы Қағидалар мен рәсімдерді ұстануы тиіс.

3-бөлім. Негізгі ережелер

3.1. Қабылдауға қойылатын талаптар

3.1.1. Бағдарламаға қабылдау әрбір нақты клиникалық мамандандыру бағдарламасы үшін қолжетімді позицияларға негізделіп, конкурстық негізде жүзеге асырылады.

3.1.2. Бағдарламаға қабылдауға іріктеу процесіне қатысуға құқылы болу үшін барлық үміткерлер осы Қағидалар мен рәсімдердің ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

3.1.3. Бағдарламаға құжаттар тапсыратын үміткерлердің:

1) Дүниежүзілік медициналық мектептердің анықтамалығына сәйкес танылған университетте алынған МД дәрежесі немесе баламалы жоғары медициналық дәрежесі (елде тәуелсіз емдеуші дәрігер ретінде практикамен айналысу үшін тіркеу немесе сертификаттау құқығын беретін медициналық біліктіліктің ең жоғары деңгейі);

2) Университетте немесе Дүниежүзілік медициналық мектептердің анықтамалығына сәйкес Қазақстан Республикасындағы кез келген танылған университетте немесе Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі таныған кез келген медициналық мекемеде алынған резидентура бағдарламасын (арнайы клиникалық мамандандыру бағдарламасына сай келетін) аяқтағаны туралы сертификат;

3) белгілі бір мамандандыру бағдарламасына сәйкес тиісті медициналық мамандық бойынша денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау (егер әкімшілік рәсімдерге байланысты құжаттарды тапсыру сәтінде жоқ болса, бұл сертификат Бағдарлама басталғанға дейін ұсынылуы тиіс);



4) осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.5-тармағында көрсетілген ағылшын тілін меңгерудің талап етілетін деңгейі;

5) уәждеме хатта жазылған Бағдарламаға үлкен қызығушылығы және жоғары деңгейдегі ынтасы;

6) 2 (екі) құпия ұсыным хат болуы тиіс.

3.1.4. Білім беру және практикалық тәжірибенің сәйкестігін, сондай-ақ бұрын алынған дәрежелердің баламалылығы мен сәйкестігін Қабылдау комиссиясы Дүниежүзілік медициналық мектептердің анықтамалығының дерекқорына сәйкес айқындайды.

3.1.5. Бағдарламаға түсу үшін ағылшын тілін білуге арналған тестілеу туралы есептерге қойылатын абсолюттік ең төменгі талап мыналар болып табылады:

1) IELTS тестінің жалпы балы 6,5 немесе одан жоғары (әрбір бөлімде кемінде 6,0) немесе ETS веб-сайтында орналастырылған TOEFL-дің баламалы балы; сондай-ақ, егер үміткер, талап етілетін ағылшын тілін білу деңгейін қоспағанда, барлық қабылдау талаптарына сай келсе, тілге қойылатын талаптарға байланысты шартты түрде оқуға қабылдану мүмкіндігі беріледі. Өтінім беру кезінде үміткер IELTS тестінің жалпы балы 6,0 немесе ETS веб-сайтында орналастырылған TOEFL-дің баламалы балын көрсетуі керек. IELTS тестінің талап етілетін тиісті балы (IELTS тестінің жалпы балы 6,5, әрбір бөлімде кемінде 6,0) оқуға түскеннен кейін бір күнтізбелік жыл ішінде тапсырылуы тиіс;

2) Бағдарламаға қатысуға үміткерлер Қабылдау комиссиясының қалауы бойынша, егер:

ағылшын тілі ресми қарым-қатынас, оқу және күнделікті өмірде қолданылатын тіл болып табылатын елде МД дәрежесін немесе баламалы жоғары медициналық дәреже алса;

ағылшын тілінде оқыту бағдарламасы бойынша МД дәрежесін немесе баламалы жоғары медициналық дәреже алса;

үміткер Университеттің түлегі болып табылса, тілді білуге арналған тестілеу туралы есептерді ұсынудан босатылуы мүмкін.

3.1.6. Тест сертификаттары, егер олардың нәтижелерінің жарамдылық мерзімі үміткерлер өтінім берген күнге дейін аяқталмаса, жарамды деп саналады.

3.2. Оқуға түсуге өтінім беру процесі

3.2.1. Бағдарламаға қатысуға өтінім беретін үміткерлер көрсетілген мерзімде мыналарды орындауы тиіс:

1) осы Қағидалар мен рәсімдерге қосымшада көрсетілген қажетті құжаттардың көшірмелерін Мектепке жеке тапсыруы;

2) өтінім нысанын толтыруы және жеке деректерді өңдеуге келісімді қабылдауы тиіс.



3.2.2. Қабылдау комиссиясы қажет болғанда қосымша құжаттарды сұратуы мүмкін.

Осы Қағидалар мен рәсімдерде талап етілетін және қабылдау кезеңінде оқуға қабылданған тағылымдамашы-дәрігерлер тапсырған құжаттар олардың жеке ісін қалыптастыру үшін пайдаланылады.

3.2.3. Бағдарламаға түсуге байланысты барлық мерзімдерді Мектептің Деканы немесе ол тағайындаған тұлға белгілейді және олар Мектептің веб-сайтында жарияланады.

3.2.4. Барлық ұсынылған құжаттар ағылшын тілінде немесе нотариалды куәландырылған ағылшын тіліндегі аудармасымен бірге болуы тиіс.

3.2.5. Жалған және/немесе толық емес ақпарат беру қабылдау немесе тіркеу процесінен шығаруға әкеледі.

3.2.6. Үміткерлер Мектеп ұсынатын бір бағдарламаға ғана өтініш бере алады.

3.2.7. Қабылдау туралы шешім шағымдануға жатпайды.

3.2.8. Оқуға қабылдауға ұсынылған үміткерлер осы Қағидалар мен рәсімдерге қосымшада көрсетілген құжаттардың көшірмелерін Мектептің сұрауына сәйкес ұсынуы тиіс.

Шетелдік оқу орындарында білім туралы дипломдар/сертификаттар алған үміткерлер өздерінің ресми транскрипттерін тікелей Мектепке жіберуді сұрауы тиіс. Шетелдік оқу орны мұндай қызметті ұсынбаған ерекше жағдайларда үміткер транскрипттің қағаз нұсқасын тікелей Мектепке жіберуі мүмкін немесе транскрипттің электрондық түпнұсқа көшірмесін цифрлық есепке алу деректері қызметтерінің көмегімен немесе шетелдік оқу орнының корпоративтік электрондық поштасы арқылы ұсына алады.

Үміткерлер Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі берген дипломды нострификациялау туралы куәлікті немесе шетелдік оқу орнының апостиль қойылған құжатын ұсынғанда ресми транскриптті тікелей Мектепке жіберу міндетті болып табылмайды.

3.2.9. Құжаттардың толық пакетін ұсыну Бағдарламаға қабылдауға кепілдік бермейді.

3.3. Қабылдау комиссиясы

3.3.1. Қабылдау комиссиясы өтінімдерді қарауға, үміткерлерді бағалауға және қабылдау туралы шешімдерге қатысты ұсыныстар беруге уәкілетті.

3.3.2. Қабылдау комиссиясы үміткерлердің рейтингін Қабылдау комиссиясы әзірлеген және бекіткен іріктеу процесінің әдістемесіне сәйкес қарауға және бекітуге уәкілетті. Қабылдау комиссиясының мүшелері қабылдау рәсімдерінің осы Қағидалар мен рәсімдерге сәйкес келуін қамтамасыз етуге жауапты болады.

3.3.3. Әрбір мамандандыру бағдарламасының белгіленген Қабылдау комиссиясы (басқалардан бөлек) мен Хатшысы болады. Қабылдау комиссиясы Бағдарлама директорынан, ауруханалардың немесе Мектептің тиісті жергілікті



сарапшыларынан және егер қолжетімді болса, әрбір бағдарламаның стратегиялық әріптесінің сыртқы сарапшыларынан/өкілдерінен тұруы тиіс.

3.3.4. Қабылдау комиссиясының дауыс беру құқығы бар мүшелерінің жалпы саны тақ, бірақ кемінде 5 (бес) мүше болуға тиіс.

3.3.5. Қабылдау комиссиясының іс-шараларын Бағдарлама директоры (бұдан әрі – Төраға) басқарады. Төрағаны қоса алғанда, Қабылдау комиссиясының мүшелері Мектеп Деканының немесе ол тағайындаған тұлғаның шешімімен бекітіледі.

3.3.6. Қабылдау комиссиясының тең төрағалары болуы мүмкін. Дауыс беру құқығы бар мүшелерге қосымша Қабылдау комиссиясының құрамына дауыс беру құқығы жоқ өкілдер кіруі мүмкін.

3.3.7. Әрбір Қабылдау комиссиясының Хатшысы Мектеп Деканының немесе ол тағайындаған тұлғаның шешімімен тағайындалады. Хатшы Комиссияның дауыс беру құқығы жоқ мүшесі болып табылады. Қабылдау комиссиясының Хатшысы болмаған жағдайда Қабылдау комиссиясының Төрағасы немесе ол тағайындаған тұлға Мектеп Деканының келісімі бойынша Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасында осындай ауыстыруды көрсете отырып, алмастырушы Хатшыны тағайындайды.

3.3.8. Қабылдау комиссиясы Хатшысының міндеттеріне мыналар кіреді:

- 1) Қабылдау комиссиясының жұмысын үйлестіру және Қабылдау комиссиясының отырыстарын ұйымдастыру;
- 2) Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамаларын ресімдеу;
- 3) үміткерлердің құжаттарын бағалауды және үміткерлер алған бағалардың қорытындыларын жинау және өңдеу;
- 4) қабылдау және бас тарту туралы хаттарды дайындау;
- 5) Қабылдау комиссиясы отырыстары хаттамаларының тілдік нұсқаларының сәйкес келуін қамтамасыз ету;
- 6) Деканның немесе ол тағайындаған тұлғаның қабылдау туралы шешімін рәсімдеу;
- 7) Қабылдау комиссиясы мен Төрағаның тапсырмаларына сәйкес өзге де іс-шараларды орындау.

3.3.9. Бағдарламаға түсетін әрбір үміткерді Қабылдау комиссиясының мүшелері жеке, бейтарап, жан-жақты және бірыңғай тәсілді қолдана отырып бағалауы тиіс. Ол үшін Қабылдау комиссиясы өмірлік тәжірибесі, жеке қасиеттері, академиялық жетістіктері мен мансаптық мақсаттары Мектептің талаптарына сәйкес келетін және Мектепке өз үлесін қоса алатын және сонымен бірге Мектепте оқу процесінен пайда табатын үміткерлерді анықтау үшін ең тиімді бағалау әдістемесін/процесін/критерийлерін әзірлеп, қабылдауы тиіс.

Бағалау әдістемесі/процесі/критерийлері сұхбаттасу және іріктеу кезінде әділ қолданылып, тиісті қабылдау кезеңінің Қабылдау комиссиясының бірінші отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

3.4. Қабылдау комиссиясының отырыстары



3.4.1. Қабылдау комиссиясының отырыстары қажеттілігіне қарай Қабылдау комиссиясының дауыс беретін мүшелерінің қарапайым көпшілігін білдіретін кворумды сақтай отырып, іріктеу процесі кезеңінде өткізіледі.

3.4.2. Қабылдау комиссиясы бейне- немесе аудиоконференциялар немесе коммуникацияның басқа да интерактивті тәсілдері арқылы дауыс беруді өткізіп, отырыста шешім қабылдай алады. Мұндай қатысу кворумды анықтау кезінде ескерілуі тиіс. Қабылдау комиссиясының шешуші дауыс беру құқығы бар мүшесінің интерактивтік қатысу құралдары отырыстың хаттамасында көрсетілуге тиіс.

3.4.3. Қабылдау комиссиясының шешімдері дауыс беруге қатысатындардың қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады және кворумды айқындау кезінде ескеріледі. Дауыстар тең болған жағдайда шешуші дауыс Төрағаға тиесілі болады. Қабылдау комиссиясында тең төрағалар болған жағдайларда дауыстарды тең бөлу тең төрағалардың шешімімен айқындалады.

3.4.4. Қабылдау комиссиясының шешімдері түпкілікті болып табылады және Университеттің отырыстар хаттамасын жасауға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес Қабылдау комиссиясының Хатшысы отырыстың (отырыстардың) хаттамасына енгізеді. Отырыстың (отырыстардың) хаттамасы барлық ұсынылған үміткерлердің, күту тізіміне енгізілген үміткерлердің, қабылдау кейінге қалдырылған үміткерлердің, сондай-ақ шақыру хатын алған және үміткерлердің тізімін өз еркімен немесе еріксіз қабылдамаған үміткерлердің рейтингін қамтуы тиіс. Қабылдау комиссиясы отырыстарының жұмыс тілі ағылшын тілі болып табылады. Хаттамаға ағылшын және қазақ тілдерінде Қабылдау комиссиясының Төрағасы (немесе тең төрағалары) мен Хатшысы немесе олар тағайындаған тұлға (тұлғалар) қол қоюға тиіс.

3.4.5. Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамалары құпия болып табылады және қызметтік міндеттері шеңберінде Университет қызметкерлерін қоспағанда, үшінші тұлғаларға таратуға жатпайды.

3.4.6. Қабылдау комиссиясының барлық хаттамаларын Қабылдау комиссиясының Хатшысы тиісті түрде тігеді, нөмірлейді, сканерден өткізеді, байлайды және Университеттің архивіне тапсырылғанға дейін Мектепте тіркелуі сақталуы тиіс.

3.5. Қабылдау шарттары мен тәртібі

3.5.1. Бағдарламаға қабылдау процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) Бірінші кезең – Қабылдау комиссиясы үміткерлердің құжаттар пакетін зерделейді және Бағдарламаның түсу талаптарына сәйкестігін тексереді. Қабылдау комиссиясы үміткерлер іріктеудің екінші кезеңіне қатысуға жіберілгенге дейін құжаттардың толық пакетін ұсынуды қамтамасыз етеді;

2) Екінші кезең – Қабылдау комиссиясының мүшелері Қабылдау комиссиясы әзірлеген әдістемеге сәйкес қабылдау талаптарына сәйкес келетін өтініштердің толық пакеттерін қарап, қысқаша тізімін жасайды. Негізгі тізімге енгізілген барлық үміткерлермен Қабылдау комиссиясының мүшелері жеке



немесе бейнеконференция арқылы сұхбаттасу өткізеді. Тағайындалған интервьюерлер саны бір сұхбат беретін үміткерге 2 адамнан кем болмауы тиіс;

3) Үшінші кезең – Қабылдау комиссиясы қабылдау пакетін және сұхбаттасу нәтижелерін қарау негізінде оқуға түсетін финалистерді айқындайды және табысты үміткерлерді Бағдарламаға тікелей немесе шартты негізде қабылдау үшін ұсынады.

Қабылдау комиссиясы өз қалауы бойынша қабылдау процесіне қосымша талаптарды қоса алады.

3.5.2. Толық емес өтінімдер екінші немесе үшінші кезеңге тек Қабылдау комиссиясының қалауы бойынша өтеді, олай болмаған жағдайда Қабылдау комиссиясы оларды қабылдамайды.

3.5.3. Бағдарламаға қабылдауға ұсынылған үміткерлерді Қабылдау комиссиясының Хатшысы Қабылдау комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы қабылдағаны туралы хабардар етеді. Хабарламалар электрондық пошта арқылы таратылады.

3.5.4. Барлық түсу талаптарына сай келетін, бірақ Бағдарламаға бөлінген орындар саны шектеулі болғандықтан, оқуға қабылдауға ұсынылғандардың қатарына кірмеген үміткерлерді Қабылдау комиссиясы күту парағына енгізеді. Күту тізіміне енгізілген үміткерлер Қабылдау комиссиясы айқындаған рейтинг тәртібімен орналастырылады. Бағдарламадағы орын Бағдарлама басталғанға дейін босатылған жағдайда, ол қабылдау туралы ресми хатпен күту парағындағы жоғары бағалары бар үміткерге ұсынылады.

3.5.5. Шақыру хатын алғаннан кейін үміткерлер шақыру хатын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде немесе шақыру хатында көрсетілген мерзім ішінде өзінің келісімі немесе оқудан бас тартуы туралы Мектепті жазбаша түрде хабардар етуге тиіс.

3.5.6. Оқуға қабылдауға ұсынылған үміткер шақыруды қабылдамаған немесе көрсетілген мерзім ішінде жауап бермеген жағдайда, шақыру хат рейтинг бойынша күту парағындағы бірінші үміткерге жіберіледі.

3.5.7. Бағдарламаға қабылдау Қабылдау комиссиясының ұсынымдары және үміткерлерден Бағдарламаға қабылдау туралы жазбаша хабарлама негізінде Мектеп Деканының немесе ол тағайындаған тұлғаның қабылдау туралы шешімімен ресімделеді.

3.5.8. Оқуға қабылдау туралы шешімде әрбір қабылданған үміткердің оқуын қаржыландыру көзі көрсетілуі тиіс.

Қаржыландыру көздері мыналар болуы мүмкін:

- 1) нақты клиникалық мамандандыру бағдарламасына тиісті ауруханамен/ауруханалармен жасалған еңбек шарты;
- 2) белгілі бір стипендия және/немесе демеушілік қолдау;
- 3) жұмыс берушіден қосымша қаржыландыру.

3.5.9. Клиникалық мамандандырудың әрбір нақты бағдарламасына өтінім беру және қабылдау осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.8-тармағында көрсетілгендей, қаржыландырудың бар болуына және тиісті ауруханаларда позициялардың болуына байланысты болады.



3.5.10. Оқуға қабылданған тағылымдамашы-дәрігерлердің жалпы саны Бағдарламадағы бар орындардың санынан аспауы тиіс.

3.5.11. Осы Қағидалар мен рәсімдерде көзделмеген мәселелерді Қабылдау комиссиясы дербес шешуі тиіс.

3.5.12. Үміткерлер ұсынған Бағдарламаға түсуге қатысты барлық құжаттар мен өзге де материалдар Мектептің меншігіне айналады және Университетте құпиялылыққа қатысты қабылданған қағидалар мен рәсімдерді қорғаудың мәні болып табылады.

3.5.13. Үміткерлерді іріктеу процесіне байланысты кез келген ақпарат құпия болып табылады.

4-бөлім. Босату

4.1. Басқарушы кеңес осы Қағидалар мен рәсімдердің белгілі бір ережелерінен Босатуды ұсынуға құқылы.

5-бөлім. Уақытша ережелер

5.1. Қолданылмайды

6-бөлім. Қайта қарау

6.1. Осы Қағидалар мен рәсімдер бекітілгеннен кейін үш жыл ішінде жыл сайын қайта қаралуы және қажет болған жағдайда өзгерістер енгізілуі тиіс.

7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар

7.1. Қолданылмайды.



«Назарбаев Университеті»
дербес білім беру ұйымының
клиникалық мамандандыру
бағдарламалары бойынша
оқуға қабылдау қағидалары
мен рәсімдеріне қосымша

**Клиникалық мамандандыру бағдарламаларына түсуге өтініш беру үшін
қажетті құжаттар пакеті**

1. Белгілі бір клиникалық мамандандыру бағдарламасына толтырылған өтінім нысаны;
2. Ұлттық жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі;
3. Атының өзгергенін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған нұсқасының көшірмесі (егер қолданылса);
4. Шетелдік оқу орындарында жоғары білім туралы диплом/сертификат алған үміткерлерді қоспағанда («Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының клиникалық мамандандыру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдерінің 3.2.8-тармағын қараңыз), МД ресми дәрежесінің немесе транскриптімен жоғары медициналық білім туралы баламалы дипломның нотариалды куәландырылған көшірмесі;
5. Резидентураны аяқтау туралы сертификаттың (арнайы клиникалық мамандандыру бағдарламасына сәйкес) нотариалды куәландырылған көшірмесі;
6. Белгілі бір клиникалық мамандандыру бағдарламасына сәйкес тиісті медициналық мамандық бойынша денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалаудың нотариалды куәландырылған көшірмесі (егер әкімшілік рәсімдерге байланысты құжаттарды тапсыру сәтінде бар болмаса, бұл сертификат Бағдарлама басталғанға дейін ұсынылуы тиіс);
7. Академиялық IELTS немесе TOEFL (Home Edition-нан басқа) тестінің құжаттарды тапсыру күніне жарамды сертификаты (2 жылдан аспайтын);
8. Белгілі бір клиникалық мамандандыру бағдарламасына қатысты соңғы 12 айдың ішінде оқу немесе клиникалық мекемелер берген екі құпия ұсыным хат (ұсыным беретін адамдар Мектептің электрондық поштасы арқылы немесе қағаз нұсқасында ұсынады);
9. Уәждеме хат (500 сөзге дейін);
10. 075у медициналық анықтаманың көшірмесі (қазақстандық үміткерлер үшін) немесе жалпы денсаулық жағдайы көрсетілген ұқсас медициналық анықтама немесе Мектептің сұрауы бойынша басқа құжат (шетелдік үміткерлер үшін);
11. Сотталуының болғанын немесе болмағанын растайтын құжат.

